ҚТЖ облигацияларын қайта құрылымдау

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жоба нөмірі:
53279

Сала:
көлік

Мемлекеттік/жеке сектор:
мемлекеттік

Экологиялық санат:
B

Бекітілген күні:
2022 жылғы 4 мамыр

Жағдайы:
қол қойылды

Ағылшын тіліндегі жоба түйіндемесінің жарияланған күні:
2022 жылғы 29 шілде

Осы Жобаның түйіндемесін жариялау "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" директиваның 1.4.4-тармағына сәйкес кейінге қалдырылды, бұл Ақпаратқа қол жеткізу саясатының III бөлімінің 2.6-тармағымен рұқсат етіледі.

Жобаның сипаттамасы

«Қазақстан темір жолдары» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚТЖ) облигацияларын сатып алуға 45,8 млрд қазақстандық теңге салу.

Жобаның мақсаттары

Теңгеге номинацияланған облигацияларды шығару ҚТЖ-ға:

- Компанияның өтеу мерзімінің келуіне байланысты тұрақты валютада және Ресей рублінде номинацияланған қаржылық берешегін қайта қаржыландыруға;

- күрделі ресурстарды Орта дәліздің инфрақұрылымын жаңғыртуға арналған шығыстарды қаржыландыру мақсаттарына босатуға мүмкіндік береді.

Өтпелі процеске әсер ету

Өтпелі процеске күтілетін әсерді балдық бағалау – 63

Жобаны іске асыру Шығыс-Батыс дәлізінің өткізу қабілетін ұлғайтуды, сондай-ақ Орта дәлізді одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, ол еңбек дағдыларының екі жаңа стандартын Ұлттық кәсіби дағдылар стандарттарына (бұдан әрі – ҰКДС) енгізу, сондай-ақ ҰКДС кеңейтілген стандарттар базасында Логистика және көлік академиясымен ынтымақтастықта аккредиттеу алған жаңа немесе жақсартылған оқу бағдарламаларын қолданысқа енгізу арқылы жастардың көлік қатынасы және логистика салаларында дағдылары мен іскерліктерін алуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Клиент туралы ақпарат

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛДАРЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚТЖ теміржол инфрақұрылымын (жол шаруашылығын), сондай-ақ Қазақстанда жүк және жолаушылар мақсатындағы теміржол көлігін пайдалануды басқаруды жүзеге асыратын тігінен кіріктірілген холдинг болып табылады. ҚТЖ меншігінде және пайдалануында жалпы ұзындығы 16 000 км темір жол желісі, 1 720-ден астам локомотив, 47 300 жүк және 2 300 жолаушылар вагондары бар. ҚТЖ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының балансында бола отырып, толығымен мемлекетке тиесілі. Есептілікке сәйкес, 2021 жылы ҚТЖ кірісі 3,12 млрд АҚШ долл. (2,82 млрд еуро), ал EBITDA мөлшері – 906 млн АҚШ долл. (820 млн еуро) құрады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

45 798 006 200 қазақстандық теңге

Жобаның жалпы құны

164 752 212 400 қазақстандық теңге

Толықтырылуы

ЕҚДБ нарықтық жағдаяттың нашарлауы нәтижесінде пайда болған қаржылық шығынды нақты толтыруға, сондай-ақ туындайтын тәуекелдердің күрделілігін азайтуға мүмкіндік беретін қаржыландыру схемасын ұсынады. Нарықтардың қазіргі жағдайында ЕҚДБ-ның осы мәмілеге қатысуы ҚТЖ облигацияларын сатып алушылардың жоспарланған санын қамтамасыз ету және инвесторлар тарапынан Компанияға сенімді нығайту тұрғысынан ҚТЖ үшін қағидатты маңызды мәнге ие болады. Бұл ЕҚДБ-ның теңгеге номинирленген облигациялар пакетін сатып алу бойынша алғашқы инвестициялық

операциясы және жергілікті компанияның TONIA мөлшерлемесіне байланысты облигацияларды бірінші шығаруы (тәуекелсіз мөлшерлеме (қазақстандық) теңгеге номинацияланған бағалы қағаздармен бір күндік репо операциялары кірістілігінің орташа алынған мәні ретінде).

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба В санатына жатқызылған (2019 жылғы редакциядағы ЭӘС-ке сәйкес) және капитал нарығында жасалатын мәміле болып табылады, бұл ретте Жобаны кешенді зерттеуді жүргізу ол туралы ашық қолжетімділікте мәліметтердің болуымен шектелген. Облигациялардың жаңа шығарылымын орналастырудан түскен қаражат жалпы корпоративтік міндеттерді шешу мақсатында клиент 2014 жылы шығарған облигациялардың бұрынғы шығарылымын қайта қаржыландыруға жұмсалады және нақты материалдық активтерді сатып алуға немесе қандай да бір жаңа күрделі шығындарды жабуға арналмаған. Осылайша, кешенді экологиялық-әлеуметтік зерттеу (бұдан әрі – КЭӘЗ) жүргізу бүгінде ҚТЖ-да қолданыстағы экологиялық-әлеуметтік басқару жүйелерінің және практика нысандарының жұмыс істеуіне, комплаенс нормативтерінің сақталуына және ағымдағы өндірістік процестерден туындайтын тәуекелдерді талдауға байланысты Жобаны іске асырудың тәуекелдері мен салдарларын бағалауға бағытталған.

КЭӘЗ алдыңғы жобалар бойынша клиенттің құжаттамасы мен есептілігінің мазмұнынтексеру түрінде жүргізілді. Өткен жылы ҚТЖ жылдық экологиялық-әлеуметтік есептілігі қанағаттанарлық деп танылды. Жалпы, ҚТЖ ЕҚДБ өзі қаржыландыратын жобаларды іске асыруға қоятын талаптарды сақтау үшін бұрынғыдай материалдық-техникалық және физикалық мүмкіндіктерге ие.

Компания бастамашылық тәртіппен өзінің күш-жігерін оның тиісті халықаралық практикаға сәйкестігін, төмен көміртекті және бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру жолында ілгерілеуді, цифрлық технологияларды неғұрлым кеңінен қолдануды қамтамасыз ете отырып, өзінің экологиялық-әлеуметтік және басқарушылық қызметінің көрсеткіштерін арттыруға бағыттайды. ҚТЖ экология, қызметкерлердің денсаулығы және қауіпсіздік техникасы салаларында өз әлеуетін арттыру, басқару және көшбасшылық сапасының көрсеткіштерін жақсарту, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздіктің, өндірістегі денсаулықты қорғаудың, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету тәжірибесінің жалпы көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұдайы жұмыс істейді. Компания қауіпсіздік техникасы мәселелерін өз қызметінің басты мақсаттарының бірі деп санайды және өзінің күнделікті өндірістік қызметінде де, өз басқаруының жоғары буыны деңгейінде де адам өлімімен аяқталатын өндірістегі жазатайым оқиғалар санын азайту тұрғысынан нөлдік өлім-жітім қағидатын ұстанады. ЕҚДБ-ның жобаларын іске асыруға қойылатын талаптарын (бұдан әрі – IAT) сақтау үшін корпоративтік деңгейде қабылдануы қажет жағдайды жақсы жаққа өзгерту жөніндегі одан арғы шаралар қосымша келісімде жазылатын болады.

2022-2026 жылдарға арналған, бұл ретте, ең бастысы ҚТЖ-ның өз қаражаты есебінен қаржыландыру жөніндегі ҚТЖ инвестициялық іс-шараларының

жоспарланған индикативтік бағдарламасының құрамына мыналар кіреді: жолаушылар мен жүк тасымалына арналған жаңа жылжымалы құрамды сатып алу, соның ішінде электр тартымындағы пойыздар, бүгінде қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту, Нұр-Сұлтан қаласында теміржол вокзалы кешенін жобалау және салу. ҚТЖ-ның ағымдағы және болашақ өндірістік қызметіне байланысты кез келген тәуекелдер мен салдарларды тиісті есепке алу үшін клиентпен қосымша келісімшартта i) ЕҚДБ облигациялар сатып алғаннан кейін клиенттен өзі қаржыландыратын жобаларды іске асыруға қойылатын ЕҚДБ талаптарын сақтауды талап ететіндігі және ii) тәуекел дәрежесі жоғары кез келген жобалар немесе 2019 жылғы басылымдағы ЕҚДБ ЭӘС-іне сәйкес А санатына жатқызылған жобалар облигацияларды қайта қаржыландыру бойынша ағымдағы операция шеңберінде қаржыландыруға жатпайтыны айқын етіп жазу керек болады. ЕҚДБ Компанияның жылдық экологиялық-әлеуметтік есептілігінің деректері бойынша Жобаның іске асырылу барысын және қажеттілігіне қарай оның мамандарының объектілеріне шығу нәтижелерін қадағалайтын болады.

Техникалық ынтымақтастық және қаржыландырудың гранттық құрамдасы

Көзделмеген.

Компаниядағы байланыс тұлғасы

Айнагүл Исабекова
Ysabekova_A@Railways.kz
www.railways.kz
Қазақстан 010000, Нұр-Сұлтан, Қонаев көшесі, 6Д

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2022 жылғы 29 шілде

Өтпелі процесс дегеніміз не

ЕҚДБ-ның жобалардың өтпелі процеске болжамды әсерін бағалауға қатысты қосымша ақпарат осы жерде қамтылған.

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуға қатысу туралы компанияға – клиентке хабарласуыңызды сұраймыз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық жөнінде (сатып алуға қатысы жоқ) мына байланыс деректері бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:
тел.: +44 20 7338 7168
эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Мемлекеттік сектордағы жобаларды: EBRD Procurement қараңыз, тел.: +44 20 7338 6794
эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған ЕҚДБ формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және оған байланысты жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және орнықты дамуды» ілгерілетуге өзінің ұмтылысын іске асыратын рәсімді айқындайды. ЭӘС және IAT-да клиенттерге ақпараттандыру және жұртшылықпен консультациялар жөніндегі ұлттық заңнаманың тиісті нормаларын орындау бойынша, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экологиялық-әлеуметтік қызметіне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарауға және қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау тетігін белгілеу бойынша нақты талаптар қамтылған.
Қажет болған жағдайда ЕҚДБ экологиялық-әлеуметтік тәуекелдердің сипаты мен ауқымына және жобаның әсеріне қарай өз клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсері туралы ақпаратты ашуды, сондай-ақ пікірлер алу және олар бойынша жауап шараларын қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен егжей-тегжейлі консультациялар жүргізуді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ тәжірибесі бойынша осы саладағы қосымша ақпарат ЭӘС-де бар.

Іскерлік адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапты басқаруға ықпал етеді және Банк қызметінің барлық аспектілері іскерлік адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беруін және озық халықаралық практикаға сәйкес келуін қадағалайды. Іскерлік адалдықты тексеру Банктің барлық клиенттеріне қатысты қызметті жосықсыз жүргізуге байланысты қолайсыз тәуекелдерді, сондай-ақ ЕҚДБ үшін бедел тәуекелдерін болдырмау үшін жүргізіледі. Банк жобаларды алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында проблемалық аспектілерді анықтау және алып тастау Банк мәмілелерінің бедел тазалығын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралы болып табылады деп пайымдайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) осы профилактикалық іс-шараларда негізгі рөл атқарады, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңде банктің іскерлік беделі үшін тәуекелдердің мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сондай-ақ КББ ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар шеңберінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар жасау фактілері туралы ақпаратты тексеруге жауапты. Егер Банк ішінде немесе одан тыс жерлерде кімде-кімнің алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері жасалғаны туралы күдігі болса, ол олар туралы compliance@ebrd.com электрондық пошта

Мекенжайына хабарлама жібере отырып, ол туралы комплаенс-бақылау басқармасының бастығына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Барлық хабарланған фактілерді КББ олар бойынша тиісті шаралар қабылдау тұрғысынан қарайтын болады. Жөнелтушінің аты-жөні көрсетілмеген хабарламаларды қоса алғанда, барлық хабарламалар бойынша тексерулер жүргізілетін болады. Бұл хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары елінің кез келген тілінде жасалуы мүмкін. Мұндай ақпарат жақсы ниетпен хабарлануы керек.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2020 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген АҚС стратегияларын, саясаты мен операциялық қызметін неғұрлым терең білуге және түсінуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-да белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен консультациялар өткізу тәртібін айқындайды. Қолда бар ақпаратпен танысу үшін ЕҚДБ веб-сайтындағы «Ақпаратқа қолжетімділік саясаты» бөліміне кіріңіз.

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған ЕҚДБ формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органы (ЖЕБТО)

Егер клиентке немесе Банкке қатысты экологиялық-әлеуметтік салада немесе ақпаратты ашу саласында туындаған алаңдаушылықтарды қанағаттандыру әрекеттері (мысалы, клиент жасаған шағымдарды жобалық деңгейде беру және қарау тетігі арқылы немесе Банктің жедел басшылығымен тікелей өзара іс-қимыл арқылы) нәтиже бермесе, жеке тұлғалар мен ұйымдар ЕҚДБ Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органына (ЖЕБТО) жүгініп, өздерінің алаңдаушылықтарын қанағаттандыруға әрекет жасауы мүмкін.

ЖЕБТО өтініш берушілердің пікірінше нұқсан келтірген немесе оны болашақта келтіруі мүмкін жобаның проблемаларына тәуелсіз бағалауды жүргізеді. Органның міндеттеріне мыналар кіреді: экологиялық-әлеуметтік саладағы және ақпаратты ашу саласындағы проблемаларды шешу үшін жобаның мүдделі тараптары арасында диалогты қолдау; Банктің өзінің Экологиялық және әлеуметтік саясатының, сондай-ақ жобаға қатысты Ақпаратқа қолжетімділік саясаты ережелерінің талаптарын орындауын бағалау; сондай-ақ қажет болған жағдайда болашақта Банктің осы нормативтік құжаттарды сақтамауына қарсы шараларды қабылдай отырып, оларды сақтамаудың орын алған жағдайларын жою.

ЖЕБТО-мен және оның мандатымен толығырақ танысу, тексеру жүргізуге қалай өтінім беруге болатынын немесе қосымша ақпарат немесе өтініш беру жөніндегі нұсқаулық алу үшін сұрақтармен ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы ЖЕБТО-ға жүгіну үшін Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органының веб-парақшасына кіріңі